

Орал қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы N 142 "Халықтың нысаналы топтарын белгілеу және оларды қорғаудың 2009 жылға арналған Орал қаласы бойынша әлеуметтік шараларын қамтамасыз ету туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 4 маусымдағы N 1449 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2009 жылғы 17 маусымда N 7-1-143 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 2810 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 24.10.2014 № 2810 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес, қала әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Орал қаласы әкімдігінің "Халықтың нысаналы топтарын белгілеу және оларды қорғаудың 2009 жылға арналған Орал қаласы бойынша әлеуметтік шараларын қамтамасыз ету туралы" 2009 жылғы 15 қаңтардағы N 142 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-1-129 тіркелген, 2009 жылы 26 ақпандағы "Жайық үні" газетінде жарияланған)), Орал қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 26 наурыздағы N 756 "Халықтың нысаналы топтарын белгілеу және оларды қорғаудың 2009 жылға арналған Орал қаласы бойынша әлеуметтік шараларын қамтамасыз ету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-1-135 тіркелген, 2009 жылы 23 сәуірдегі "Жайық үні" газетінде N 17 жарияланған) қаулылармен енгізілген толықтыруларды ескере отырып, қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген қосымшасы "Нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі" мынадай мазмұндағы реттік 6, 7, 8 нөмірлермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"6 Жалғыз тұратын тұлғалар;

7 Екі жақты келісім бойынша жұмыстан босатылған тұлғалар;

8 Мамандығы жоқ алғашқы жұмыс іздеуші тұлғалар".

2. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. Р.

Нығметовке жүктелсін.

Қала әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК